


Құрылғыға шолу



Осы өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Mi Bedside Lamp 2 білте шамында оңтайлы оптикалық құрылымы бар жоғары сапалы жарықдиодтар, сондай-ақ жарықтандыру түсінің араласы мен өзгеруін қамтамасыз ететін алгоритм пайдаланылады. Бұған қоса ол сенсорлық басқару панелімен жабдықталған.


Құрылғының мақсаты

Білте шам — қараңғы үй-жайларды жарықтандыру үшін пайдаланылатын ықшам сәндік жарықшам.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Орнату


Қуат беру кабiлiн негiздегi зарядтауға арналған ағытпаға, ал адаптердi — қуат көзiне қосыңыз.



- Оны керееут алды тumbочкаға немесе үстелге орнату ұсынылады.

Пайдалану

Функционалдық батырмалар



- Режим батырмасы
 - Ағымдағы режимге арналған әдепкі қалпы бойынша жарық шығарудың түсін өзгерту үшін басыңыз.
 - Режимдерді (түс пен түстер температурасы) ауыстырып-қосу үшін басыңыз және 2 секунд бойы басып ұстаныңыз.
- Жарықтықты реттеу панелі
 - Жарықтықты баптау үшін жоғары немесе төмен қарай жылжытыңыз.
 - Сөніп тұрған жарықты қосу үшін жарықтық панеліне қол тигізіңіз. Жарықтылық деңгейі сіз қол тигізген жерге байланысты.
- Қуат түймесі
 - Білте шамды қосу немесе сөндіру үшін басыңыз.
 - Білте шам қосылып тұрғанда қуат көзі батырмасын басыңыз және, сөндіру кідірісі функциясын (әдепкі қалпы бойынша аралық 15 минут құрайды, оны қолданбада баптауға болады) қосу үшін, 2 секунд басып ұстаныңыз.

Кеңейтілген функциялар

Түнгі режим

Сіз түнгі режимді белсендіру уақытын мобильді қолданбада орната аласыз. Білте шамды тәуліктің осы кезінде қосқанда көзді жарық сәуледен қорғау үшін, ол автоматты түрде түнгі режимге көшеді. Басқа уақытта қосылғанда білте шам автоматты түрде әдеттегі режимге оралады.

Mi Home / Xiaomi Home қолданбасына қосылу

Өнім Mi Home / Xiaomi Home-мен жұмыс істейді*. Өз құрылғыңызды басқарыңыз және осы қолданбадағы басқа үй құрылғыларымен бірге пайдаланыңыз. Қолданбаны жүктеу және орнату үшін QR-кодты сканерлеңіз. Егер қолданба орнатылған болса, сіз қосылу теңшеулері парақшасына бағытталасыз. Немесе қолданбаны жүктеу және орнату үшін, App Store дүкенінен "Mi Home/Xiaomi Home" сұратуы бойынша іздеңіз. Mi Home / Xiaomi Home қолданбасын ашыңыз, жоғарғы оң жақбұрыштағы "+" басыңыз және құрылғыны қосу жөніндегі нұсқауларды орындаңыз.

*Еуропада қолданба "Xiaomi Home" деп аталады.



Apple HomeKit арқылы басқару

1. iPhone немесе iPad құрылғыларда Home қолданбасын ашыңыз.
2. Аксессуарларды қосу батырмасын басыңыз және, құрылғының төменгі бөлігіндегі QR-кодты сканерлеу үшін, қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Сонымен қатар, Siri, Apple "Үй" қолданбаға қолжетімділік беру үшін, QR-кодтың үстінде көрсетілген 8 цифрдан тұратын баптау кодын енгізе аласыз.

Интернетке қолжетімділігі бар Wi-Fi желіге қосылу бар екеніне көз жеткізіңіз (бұл құрылғы 5G желісін қолдамайды). HomeKit-пен үйлесімді осы аксессуарды басқару үшін iOS 9.0 немесе одан кейінгі нұсқаны пайдалану ұсынылады. HomeKit баптау коды құрылғының табанында көрсетілген, оны жоғалтып алмаңыз. Зауыттық баптауларды қалпына келтіргеннен кейін ол аксессуарды қосу үшін сізге қажет болады. iPad және iPhone АҚШ-да және басқа елдерде Apple Inc. тіркелген тауарлық белгілері болып табылады.

Техникалық сипаттамалары

Атауы: Mi Bedside Lamp 2 білте шамы.
Үлгісі: MJCTD02YL.
Жұмыс температурасы: -10° С-тан ~ 35° С-қа дейін.
Кіріс параметрлері: 12 В, 0,8 А.
Үйлесімділігі: Android 4.4 немесе iOS 9.0 және одан кейінгі нұсқалары.
Сымсыз қосылым: Wi-Fi IEEE 802.11b/g/n 2,4 ГГц.
Bluetooth IEEE 802.15.
Жіліктердің жұмыс диапазоны:

- 2412–2472 МГц. (Wi-Fi).
- 2402–2480 МГц. (BT).

Түсті баптау: WRGB.
Түс жіберудің индексі: Ra80. Қуат коэффициенті: 0,5.
Жұмыс ылғалдылығы: 0% – 85%.
Номиналды кіріс параметрлері: 220-240 В, ~ 50/60 Гц, 0,45 А.
Максималды қуат: Wi-Fi 17,91 дБм
Bluetooth 5,76 дБм

Бұйымның ерекшеліктері



Түсті теңшеу



Түр-түстік температураны баптау



Жарықтықты реттеу



Түнгі жарық



Үйрiлетiн жарық



Сенсорлық басқару



Қосу мен сөндіруді жоспарлау



Сөндіру кідірісі



Түсті таңдау



Mi Home қолданбасы арқылы басқару



Apple HomeKit арқылы басқару



Смарт-құрылғылар арқылы басқару

Зауыттық теңшеулерді қалпына келтіру

Бір мезгілде қуат батырмасын және режим батырмасын басыңыз. Оларды 5 секунд бойы, білте шам қазыл, жасыл және көк түспен жыпылықтай бастағанша, басып ұстаныңыз, содан кейін батырмаларды босатыңыз. Жыпылықтау тоқтағаннан кейін білте шам автоматты түрде қайта іске қосылады және зауыттық баптауларды қалпына келтіру аяқталады.

- Білте шамды жаңа желіде пайдаланар алдында зауыттық баптауларды қалпына келтіру қажет.



Сақтық шаралары

- Бұйымды пайдаланар алдында желі кернеуі бұйымның жұмыс кернеуіне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз. Қате кернеуді пайдалану бұйымды істен шығаруы және қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін.
- Осы білте шамның жарық көзі ауыстыруға жатпайды. Жарық көзі өзінің ресурсын тауықанда бүкіл білте шамды ауыстыру қажет болады. Бұл құрылғыны бөлшектемеңіз.
- Жұмыс істеп тұрған кезде білте шам қыздырады. Жылу сейілуі мүмкін болуы үшін оны жақсы желдетілуі бар жерде пайдаланыңыз.
- Сынұларға немесе жарақаттарға жол бермеу үшін бейстандартты адаптерлерді пайдаланбаңыз.
- Білте шам тұрақты тұруы тиіс. Пайдаланған кезде оны еңкейтпеңіз.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

- Желілік бауымда зақымданулар жоқ екенін үнемі тексеріп отырыңыз.
- Құрылғыны шамадан тыс ылғалдылық жағдайында пайдаланбаңыз.
- Кез келген техникалық жұмыстарды (құрылғыны орнату, тазалау) жүзеге асырар алдында құрылғы сөндірілгеніне және желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны азғантай сабын немесе спирт ертіндісіне малынған жұмсақ майлықпен сүртіңіз.
- Бұйымды сервистік орталығының білікті мамандары ғана жөндеуі тиіс.

Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші осы бұйымға 1 жыл кепілдік мерзімін белгілейді және бұйымның материалдары мен құрастыруында ақаулықтар жоқ екеніне, сондай-ақ бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартын сақтаған жағдайда, уәкілетті сервистік орталықтар аумағында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан жабдық элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Бұйымның жеке, кәсіби емес пайдалануына арналған қызмет мерзімі 12 ай құрайды, бұл ретте пайдалану ережелерін сақталуы шарт.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Циндао Еелинк Информэйшн Тэктолоджи Ко., Лтд.
10F-B4, В ғимараты, Циндао халықаралық инновациялық паркі, Кэюань Вэйи тас жолы №11, Лаошань ауданы, Циндао қ., Шаньдун пров., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Қосымша ақпарат www.mi.com сайтында келтірілген.

EAC

